



03.10.2025 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» бөбекжай балабақшасы КМҚК

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 06.10 – 10.10. 2025 жыл (2-апта)

Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы

Апта дәйексөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.10	Сейсенбі 07.10	Сәрсенбі 08.10	Бейсенбі 09.10	Жұма 10.10
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Жемістер мен көгөністер»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» ҚР Гимн орындау (дүйсенбі күні)				
	Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру				
	«Күй күмбірі» күй тыңдау Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында күй қою: «Балбырауын» күйі https://lmusic.kz/mp3/asylbek-ensepov-uly-zhibek-zholy-balbyrauyn/16477				
	«Өнегелі 15 минут» Балаларды «Қайырлы түн!» деп айтуға машықтандыру Әңгіме: «Ұйқыға жатарда ата-анамызға не дейміз?»				
Сөздік минимум	Алма, шие, өрік, алмұрт, жүзім. Мен алма жеймін. Мен банан жеймін. Мен		Қияр, қызанақ, картоп, пияз, сәбіз, қырыққабат		

	<p>шие жеймін. Мен өрік жеймін. Мен алмұрт жеймін.</p>			
<p>Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті</p>	<p>Ересек топ Тақырыбы: «Менің тобым» Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету: ә, ө, қ, Ү, Ұ; қарапайым сұрақтарға (Мынау не?) жауап беруді үйрету.</p> <p>Әңгімелесу Балалар, мынау не? Бұл – біздің балабақша. Балабақша қандай? Балабақша үлкен, әдемі Мынау не? Бұл – менің тобым. Топ қандай? Менің тобым үлкен, әдемі.</p> <p>Ән тындау «Балабақшам» Есте сақтайық! Топ – топта. Топта үстел, орындық, терезе, есік бар. Тыңда, қайтала Мынау – үстел. Мынау – орындық.</p>	-	<p>Мектепалды тобы Тақырыбы: «Көгеністер» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; көкөністердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Жылулық шеңбері Педагог балаларды орындарынан тұрғызып, қазақ тілінде алдымен топпен, содан соң әр баламен жеке-жеке амандасады. Сұрақ-жауап Балалар, қазір қай мезгіл? Қазір күз мезгілі.</p>	

	<p>Мынау – терезе. Мынау – есік. Сұрақ-жауап Топта не бар? Топта үстел бар Топта не бар? Топта орындық бар Топта не бар? Топта терезе бар Топта не бар? Топта есік бар Кел, сөйлесейік! Мынау не? Бұл – менің тобым. Топ қандай? Менің тобым үлкен, әдемі. Топта не бар? Топта үстел, орындық, терезе, есік бар. Рефлексия «Бас бармақ» әдісі</p> <p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Жемістер» Міндеттері: сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; жемістердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қояды және оларға</p>		<p>Күз мезгілінде неше ай бар? Күз мезгілінде үш ай бар. Қыркүйек, қазан, қараша. Қазір қай ай? Қазір қазан айы. Бүгін аптаның қай күні? Бүгін – дүйсенбі. Әңгімелесу Балалар, салатты кім жақсы көреді? Қандай салат түрлерін білесіңдер? Салатты неден жасайды? Көкөністен жасалған салаттар өте дәмді және өте пайдалы. Ендеше біздің тақырыбымыз «көкөністер» деп аталады, бүгін көкөністердің қазақша атауларын есте сақтап алайық. Бейнежазба көру «Көкөністер» Топпен жұмыс «Қара да ата» (хормен және жеке бірнеше рет қайталау): Кө-ө-ө-көні-і-істер. Қ-қ-қияр. Қ-қ-қызанақ-ақ-ақ. Қ-қ-қызылша.</p>		
--	--	--	--	--	--

	<p>жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Сұрақ-жауап Балалар, қазір қай мезгіл? Қазір күз мезгілі. Күз мезгілінде неше ай бар? Күз мезгілінде үш ай бар. Қыркүйек, қазан, қараша. Қазір қай ай? Қазір қыркүйек айы. Балалар, бүгін аптаның қандай күні? Бүгін сәрсенбі. Апта күндерін атайық. Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі. Әңгімелесу Балалар, ағаштарда не өседі. Жемістер. Қандай жемістерді жақсы көресіңдер? Жемістерден не жасайды? Жемістер өте дәмді және өте пайдалы. Ендеше біздің тақырыбымыз «жемістер» деп</p>		<p>Картоп. Пияз. Сә-ә-әбі-і-із, Қ-қ-қырыққабат. «Дұрыс ата» ойыны Ойын шарты: балалар қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс атайды Додекаэдр «Көкөністер» Шарты: балалар додекаэдрді лақтырады да түскен жақтағы көкөністің атауын атайды. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Бау-бақшаға барамыз Қияр, қызанақ, қызылша, қырыққабат, картоп, пияз, сәбізді Себетке жинап саламыз. Ән тыңдайық: «Көкөністер әні» Қорытынды: «Блум кубигі» Бала кубикті лақтырады да түскен жақтағы көкөністің атауын атайды. Көкөністердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды. Ата-анамен жұмыс «Қуанышты хабарлама»</p>		
--	--	--	--	--	--

	<p>аталады, бүгін жемістердің қазақша атауларын есте сақтап алайық.</p> <p>Бейнежазба көру «Жемістер»</p> <p>Топпен жұмыс «Қара да ата» (хормен және жеке бірнеше рет қайталау): Жем-і-істер. Алма. Алмұрт. Банан. Шие. Өрік. Алхоры</p> <p>«Дұрыс ата» ойыны Ойын шарты: балалар қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс атайды.</p> <p>Додекаэдр «Жемістер» Шарты: бала додекаэдрді лақтырады да түскен жақтағы жемістің атауын атайды.</p> <p>Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Бау-бақшаға барамыз Алма, алмұрт, банан, шие, өрік, алхорыны Себетке жинап сааламыз.</p> <p>Қимылды әрекет: «Тәтті жемістер»</p>		<p>Бүгін София, Ислам, Ахмад көкөністердің қазақша атауларымен дұрыс атап, ойындарға белсене қатысты.</p>		
--	--	--	---	--	--

	<p>Қорытынды: «Блум текшесі» Бала текшені лақтырады да түскен жақтағы жемістің атауын атайды. Жемістердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Рақмет, балалар! - Рақмет, мұғалім! - Сау болыңдар, балалар! - Сау болыңыз, мұғалім! 				
<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p>Кел, сөйлесейік! Мынау не? Бұл – менің тобым. Топ қандай? Менің тобым үлкен, әдемі. Топта не бар? Топта үстел, орындық,</p> <p>Тақпақ жаттау Туған өлкем Туған өлкем Кеңсің дала, Туған ана. Көйлегің кең, көк ала, Жан беретін Тән беретін</p>		<p>Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Бау-бақшаға барамыз Қияр, қызанақ, қызылша, қырыққабат, картоп, пияз, сәбізді Себетке жинап саламыз.</p>		

Мейірімді ана сен ғана.терезе, есік бар.				
«Мен Отаныммен мақтанамын» ертеңгілік «Адал азамат» бағдарламасы бойынша				
Тақпақ жаттау Отан – жерім, Отан – суым, Отан – қуат, нәр береді. Отан – ұран, Отан туым, Отан мәңгі гүлденеді.		Тақпақ жаттау Елім менің! Әдемі екен таулары, Жайқалады орманы. Табиғатты аялап, Болам елдің қорғаны.		
<p style="text-align: center;">Ақшамшық (сақина салу)</p> <p>Мақсаты : балаларда жылдамдықты, ептілікті дамыту.</p> <p>Ойын барысы: Бұл – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он-он бес адам қатысып, ортаға бір баланы немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз жігіттер үйде дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің алақанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол барлық адамдардың алақанына сақина салған болады, «Тұр сақинам, тұр», - деп, немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам орнынан атып тұруға тиісті, «Сақина менде», - деп. Оны көршісі ұстай алмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді.</p> <p style="text-align: center;">«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау</p>				